

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ө. Әбдіманұлы
А.Б. Темірболат
А.Б. Абдулина
Ш.А. Шортанбаев

XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК
ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ТҮЛҒА БЕЙНЕСІ

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5қаз)

Ж 66

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған
МҚ1958 «XX-XXI ғасыр басындағы қазақ романындағы тәуелсіздік идеясы және тұлғаның зияткерлік-инновациялық әлеуеті» ғылыми жоба бойынша дайындалған

Жалпы редакциясын басқарған
ф.ғ.д., профессор **Ө. Әбдиманұлы**

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **А. Жақсылықов**
филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Сейітжанов**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Н. Ақыш**

Ж 66 XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ романдарындағы тәуелсіздік идеясы және тұлға бейнесі / **Ө. Әбдиманұлы, А.Б. Темірболаг, А.Б. Абдулина, Ш.А. Шортанбаев.** – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 180 б.

ISBN 978-601-04-0628-5

Бұл еңбекте өткен ғасырдың 50-90 жылдары ұлт романдары, ондағы тәуелсіздік идеясы талданады. Сондай-ақ ұжымдық монографияда осы кезеңдегі қазақ қаламгерлерінің роман жанрындағы шығармашылық ізденістері, жанашыл талпыныстары мен авторлық ұстанымдары, тәуелсіздік идеясын тұлғаның жанартапы болмысы арқылы ашудағы жетістіктері сараланады. Еңбекте XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қаламгерлерінің романдарындағы кейіпкерлердің болмысын және олардың зияткерлік әлеуетін, жанашыл тұлғасын зерделеу, жүйелеу, зерттеу мәселелеріне ерекше мән берілген.

Монографиялық зерттеу филология факультеттерінің оқытушылары мен докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, жалпы әдебиет сүйер қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5қаз)

© Авторлық ұжым, 2014
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

ISBN 978-601-04-0628-5

КІРІСПЕ

XX ғасырдың екінші жартысында қазақ жазба әдебиеті өте бір екпінді дамып, қазақ ақын-жазушыларының екінші тынысы ашылғандай, шалқар шабытты кезең болды десек, қателеспейміз. Мұның сыры сол XX ғасырдың екінші жартысында бастаналған, «жылжымық» атауын иеленген саяси «тізгін босатудың» тұсына тап келгендіктен болса керек. Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов бастаған қаламгерлер тобы осы бір оңтайлы тұстағы еркін ойдың өрісін мейлінше молынан пайдаланып қалуға ұмтылды. Және ол өз нәтижесін берді де. Алдыңғы толқынның сонын ала шыққан жас таланттар да еркін шығармашылыққа ден қойды. Әсіресе, осы кезеңдегі әдеби шығармалардың ерекшелігін танытатын бір сипат – қандай бір шығарма болмасын адамның ішкі әлеміне бойлауға ұмтылыс жасалды.

Адам болмысы, оның рухани әлемі, тұлғалық табиғаты көркем шығармашылықпен айналысушы туындыгерлерді қатты толғандырады белгілі. Бүгінгі әлемдік масштабтағы қарым-қатынас кенге қанатын жайған жаһандану кезеңінде бұл әсіресе қатты ойлантып тұрған мәселе. Ендеше осынау кезеңде жасалынған руханияттық дүниелерді танудың, түйсіну мен түсіндірудің айрықша орны бар. Мұнда, әсіресе, әдебиеттің даму тарихын зерттеу ерекше бағалануы тиіс. Сондықтан да, «XX-XXI ғасыр басындағы қазақ романдарындағы тәуелсіздік идеясы және тұлғаның зияткерлік-инновациялық әлеуеті» атты ғылыми зерттеу жұмысы – заман талабына сай туындап отырған, тәуелсіз ел мүддесінің басты тақырыбы болып табылатын барынша келелі де өзекті мәселені ашуға бағытталған еңбек. Зерттеу бағытының күндізлігі тәуелсіздік кезеңінің уақыт талабынан туындайды. Сондықтан күні